

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 487-V ҚРЗ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117, 119-құжаттар; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат):

651-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Аяқталмаған құрылысты тапсырыс берушіге тапсырғанға дейін және жұмыстарға төлем жасалғанға дейін мердігер (үлестік тұрғын үй құрылысының объектілерін қоспағанда) оның меншік иесі болып табылады.».

«2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; №

15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115, 117-құжаттар; № 21-I, 124, 126-құжаттар; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат):

3 2 - б а п т ы ң 4 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөліктегі «лицензияны немесе», «тиісті лицензия» деген сөздер тиісінше «рұқсатты немесе», «тиісті рұқсат» деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөліктегі «жобалау компаниясына» деген сөздер «құрылыс салушыға және (немесе) уәкілетті компанияға» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19, 100, 106-құжаттар; № 20, 113, 117-құжаттар; № 21, 121, 124, 130, 132-құжаттар; № 22, 140, 143, 144-құжаттар; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат) :

1) м а з м ұ н ы н д а :

212-баптың тақырыбындағы «Республикалық маңызы бар қаланың» деген сөздер «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың» деген сөздермен ауыстырылсын ;

217-баптың тақырыбы «жобаларды» деген сөзден кейін «және (немесе) инвестициялық бағдарламаларды» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-баптың 1-тармағында:

42-1) тармақша «орталық» деген сөзден кейін «немесе жергілікті» деген сөздермен толықтырылсын;

74) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздерден кейін «жергілікті атқарушы орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 19-баптың 6-тармағының бірінші бөлігіндегі «ақша бөлу» деген сөздерден кейін «, қолданылу мерзімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың ағымдағы қаржы жылынан асатын мерзімге жергілікті бюджеттің қолма-қол ақша тапшылығын жабу үшін жергілікті атқарушы органдарға ақша бөлу туралы қаулыларымен белгіленетін осы қаулыларды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 20-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кезекті қаржы жылында облыстық бюджетте, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінде қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда, кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте олардың бюджеттерін кредиттеу үшін резерв көзделеді.

Келесі қаржы жылында аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінде қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда, кезекті қаржы жылына арналған облыстық бюджетте олардың бюджеттерін кредиттеу үшін резерв көзделеді.

Қолма-қол ақша тапшылығы болжанған жағдайда қарыз алу бұған дейін жоғары тұрған бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өтіп кеткен берешек болмаған кезде, сондай-ақ өтініш берген кезде қолма-қол ақшаны бақылау шотында жергілікті бюджеттің тиісті қаржы жылына арналған шығыстарының бекітілген (нақтыланған, түзетілген) көлемінің бір пайызынан аспайтын қалдық болған (жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар ескерілмей) және тиісті негіздемелер мен есеп-қисаптар ұсынылған кезде тиісті қаржы жылына арналған борыш лимитінің шегінде жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдарға қолма-қол ақша тапшылығын жабуға бөлінген қаражат қайта құрылымдауға жатпайды.

Ағымдағы қаржы жылында қолма-қол ақша тапшылығын жабуға қайта қаражат бөлуге жол берілмейді.

Жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджеттің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға қарыз алуы үш жылға дейінгі мерзімге жүзеге асырылуы мүмкін.

Жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджеттің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға ағымдағы қаржы жылынан асатын мерзімге қарыз алуы бюджетке

түсетін түсімдер бойынша тиісті жергілікті бюджетті нақтылау арқылы жүзеге асырылады.» ;

5) 47-баптың 1-тармағындағы «қаржы жылы ішінде» деген сөздер «тиісті қаржы жылында» деген сөздермен ауыстырылсын ;

6) 88-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) қаржы ұйымдарының, Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының жарғылық капиталдарын ұлғайту жағдайларын қоспағанда, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен мөлшерде қалыптастыру кезінде республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға тиісті қаржы жылына көзделген ақшаны есепке жатқызумен және оны инвестициялық жобаларды іске асыруға пайдаланумен не мемлекеттік тапсырманы орындаумен (бұдан әрі – квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты) байланысты;» ;

7) 106-бап мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

«2-2. Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға ағымдағы қаржы жылынан асатын мерзімге қарыз алған жағдайда да жергілікті бюджеттерді нақтылау жүзеге асырылады.» ;

8) 192-бап мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

«2-2. Кредитормен келісім бойынша бюджеттік кредитті өтеу, оның ішінде мерзімінен бұрын өтеу қарыз алушының немесе түпкілікті қарыз алушының кеден және шекара органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне қызмет көрсетумен байланысты кедендік инфрақұрылым және шекаралық сервистік инфрақұрылым объектілеріне, әлеуметтік мақсаттағы объектілерге және мемлекет мұқтаждары үшін пайдаланылатын объектілерге жататын мүлкімен жүзеге асырылуы мүмкін.» ;

9) 209-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыз алу және республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің тапшылығын қаржыландыру үшін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы түрінде, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы түрінде жүзеге асырылады.» ;

10) 212 - бапта :

тақырыптағы «Республикалық маңызы бар қаланың» деген сөздер «Облыстардың,

республикалық маңызы бар қалалардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтардағы «Республикалық» деген сөздер «Облыстың, республикалық» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының» деген сөздер «Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 213-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Мемлекеттік емес қарыз сомасы толықтай немесе оның бір бөлігі мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілуі мүмкін.»;

12) 214-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын: «1-1. Іске асыру мерзімі бір жылдан асатын инвестициялық жобалар және (немесе) инвестициялық бағдарламалар бойынша бас келісімге қол қоя отырып, мемлекеттік кепілдікті транштармен (бөліп-бөліп) беруге жол беріледі.

Бас келісімді іске асыру үшін кепілдік шарты жасалады не жасалған кепілдік шартына мемлекеттік кепілдіктің бас келісімде айқындалған сомасы шегінде өзгерістер енгізіледі.»;

13) 215-баптың 3-тармағында: «келісу бойынша» деген сөздер «бірлесіп» деген сөзбен ауыстырылсын; «компанияны» деген сөзден кейін «және мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарызды өтеу көздерінің бірі республикалық және жергілікті бюджеттерден төлемақылар (төлемдер) болып табылатын әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобаларды және (немесе) инвестициялық бағдарламаларды іске асыру кезінде квазимемлекеттік сектордың басқа да субъектілерін» деген сөздермен толықтырылсын;

14) 216-бапта:

2) тармақшадағы «жобалардың» деген сөзден кейін «және (немесе) инвестициялық бағдарламаның» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын: «11) осы баптың 3) және 9) тармақшаларының талаптары мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарызды өтеу көздерінің бірі республикалық және жергілікті бюджеттерден төлемақылар (төлемдер) болып табылатын әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобаларды және (немесе) инвестициялық бағдарламаларды іске асыру кезінде квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қолданылмайды, олардың тізбесін бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.»;

15) 217-баптың тақырыбындағы және 1-тармағындағы «жобаларды» деген сөзден кейін «және (немесе) инвестициялық бағдарламаларды» деген сөздермен толықтырылсын;

16) 218-баптың 2-тармағында:

«жоба» деген сөзден кейін «және (немесе) инвестициялық бағдарлама» деген сөздермен толықтырылсын;

«кепілдік шартына» деген сөздер «бас келісімге, кепілдік шартына» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 220-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражат шегінде мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау жөнінде талаптар қойылған күннен бастап он сегіз ай ішінде жүзеге асырылады.».

4. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 63, 64, 65, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 11, 52-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 99, 100, 101-құжаттар; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 136, 137-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат):

99-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1), 4-1) тармақшалармен және 17) тармақшадағы «кірісі алып тастауға жатады.» деген сөздер «кірісі;» деген сөзбен ауыстырылып, 18) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры кепілдікті жағдайларды реттеу үшін резервті ұлғайтуға бағытталған қаражат шегінде алған кепілдікті жарналар

с о м а с ы ; » ;

«4-1) Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) құрылысы аяқталғаннан кейінгі төлемдер бойынша талаптарды қанағаттандыру тәртібімен алған ақша сомасы;»;

«18) «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының кепілдікті жағдайларды реттеу үшін резервті ұлғайтуға бағытталған қаражат шегіндегі инвестициялық кірістері алып тастауға жатады.».

5. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат, № 7, 33-құжат, № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат, № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат):

1) мазмұнында 320-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«320-бап. Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамалық актісінің және Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасының талаптарын бұзу»;

2) 320-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«320-бап. Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамалық актісінің және Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасының талаптарын бұзу

1. Құрылыс салушының, уәкілетті компанияның Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамалық актісінің талаптарын, оның ішінде ашылуға жататын ақпараттың мазмұнына, сондай-ақ оны тарату тәртібіне қойылатын талаптарды бұзуы не құрылыс салушының, уәкілетті компанияның дәл емес, толық емес немесе анық емес ақпаратты таратуы – заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Құрылыс салушының, уәкілетті компанияның республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мәліметтер мен есептілікті ұсынбауы не олардың анық емес мәліметтер мен есептілікті, сол сияқты инжинирингтік компанияның тұрғын үй (тұрғын ғимарат) құрылысының барысына мониторинг жүргізу нәтижелері туралы анық емес немесе толық емес есепті ұсынуы – заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып

к е л е д і .

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған әрекеттер (әрекетсіздік), сол сияқты осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жауаптылыққа тартуға алып келген бұзушылықтарды жоймау – үлескерлер ақшасын тартуға рұқсаттың қолданылуын үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға алып келеді.

4. Кондоминиум объектісін басқару органының тұрғын үй заңнамасында көзделген жағдайларда, екінші деңгейдегі банктерде кондоминиум объектісіне арналған ағымдағы және (немесе) жинақ шоттарын ашу мерзімдерін бұзуы — ескерту жасауға алып келеді.

5. Кондоминиум объектісін басқару органының кондоминиум объектісін басқару жөніндегі тоқсан сайынғы есеп беру мерзімдерін бұзуы — ескерту жасауға алып келеді.

6. Осы баптың төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – жеке тұлғаларға – он, заңды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

3) 684-баптың бірінші бөлігіндегі «320 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)» деген сөздер «320 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 729-баптың бірінші және үшінші бөліктеріндегі «320 (бесінші, алтыншы және жетінші бөліктерінде)» деген сөздер «320 (төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 804-баптың бірінші бөлігінің 50) тармақшасындағы «320 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктері)» деген сөздер «320 (бірінші, екінші және үшінші бөліктері)» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 15, 78-құжат; 21-II, 130-құжат; № 22-I, 143-құжат);

5-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің он бесінші абзацындағы «жобалау

компаниялары» деген сөздер «уәкілетті компаниялар» деген сөздермен ауыстырылсын.

7. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат) :

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 56-3) тармақшамен толықтырылсын:
«56-3) тапсырыс беруші – қызметін Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға. Жобаның (бағдарламаның) тапсырыс беруші-инвесторы, тапсырыс беруші (меншік иесі), құрылыс салушы не олардың уәкілетті адамдары қызмет мақсаттарына қарай тапсырыс беруші бола алады;»;

2) б - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасындағы «объектілеріне бөлінеді.» деген сөздер «объектілеріне;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын :

«4) ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап ететін жекелеген құрылыс объектілеріне бөлінеді.»;
мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап ететін жекелеген құрылыс объектілерін Қазақстан Республикасының Үкіметі сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның ұсыныстары бойынша а й қ ы н д а й д ы .

Ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап ететін әрбір құрылыс объектісі бойынша ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап ететін жекелеген объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы кезең-кезеңімен әзірлеу мен келісудің жеке-дара ж о с п а р ы б е к і т і л е д і . » ;

3) 20-бап мынадай мазмұндағы 11-11) тармақшамен толықтырылсын:

«11-11) ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап

ететін жекелеген объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы кезең-кезеңімен әзірлеу мен келісудің жеке-дара жоспарларын бекіту;»;

4) 24-баптың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«12) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;»;

5) 2 5 - б а п т а :

1-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«13) мүгедектер үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуді міндетті түрде ескере отырып, объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;»;

2-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«9) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;»;

3-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«9) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;»;

6) 26-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«9) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;»;

7) 34-4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Тапсырыс беруші ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды сараптама жұмыстарын жүзеге асыру құқығына тиісті аттестаты бар сарапшыларды шарт негізінде тарта отырып жүзеге асырады.» ;

8) 60-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«9. Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрме объектілері бойынша жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы жерлерді және (немесе) құрылысты игеру үшін шетелдік заңды тұлғалар немесе жекелеген мамандар орындаған жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, жобалау алдындағы және жобалау жұмыстарының шарттарында және сатылары бойынша, осы Заңда, мемлекеттік нормативтерде және жобалауға берілген тапсырмада белгіленген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының құрамы мен көлемінде, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын қоса алғанда, мемлекеттік нормативтерде белгіленген міндетті талаптар сақталған кезде әзірленуге тиіс.

Мынадай жағдайларда :

1) тапсырыс берушінің (инвестордың) шешімі бойынша тапсырыс беруші (инвестор

) мынадай міндетті шарттар жиынтығын орындаған кезде: жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптамамен расталуға тиіс, Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік нормативтік құжаттарда белгіленген, өрт және жарылыс қауіпсіздігі, конструкциялардың сенімділігі, объектінің жұмыс істеу орнықтылығы және еңбекті қорғау нормаларын сақтағанда;

Қазақстан Республикасының заңнамасына және мемлекеттік нормативтік құжаттарға сәйкес тауар берушілерді (жұмыстарды орындаушылар мен қызмет көрсетушілерді) оларға қажетті ақпаратпен қамтамасыз еткенде;

2) республикалық индустрияландыру картасына енгізілген объектілерді жобалау, салу, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтандыруды, кеңейтуді жүргізу кезінде осы қағидадан ауытқуға жол беріледі.»;

9) 64-1-бап мынадай мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:

«13. Ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап ететін жекелеген құрылыс объектілері бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап ететін жекелеген объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы кезең-кезеңімен әзірлеу мен келісудің жеке-дара жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап ететін жекелеген объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы кезең-кезеңімен әзірлеу мен келісу тәртібі қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ олардың қазіргі барларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық тұрғыдан қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу қағидаларымен реттеледі.»;

10) 64-4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік монополияға:

1) қаржыландыру көздеріне қарамастан, ықтимал қауіпті құрылыс объектілеріне жататын жаңа өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі жаңа объектілерді, олардың кешендерін, инженерлік және көліктік коммуникацияларды салу;

2) бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен қаржыландырылатын, мыналарға: ы қ т и м а л қ а у і п т і ;

техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызылған қолданыстағы объектілерді реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеу үшін жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға)

ведомстводан тыс кешенді сараптама жатады.»;

11) 73-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органда объектіні тіркеу үшін негіз болып табылады.

Объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінде құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларында айқындалған тәртіппен есепке алуға жатады.»;

12) 74-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарда өз бетінше міндетті есепке алуға жатады.».

8. «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 11, 65-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 44-құжат; № 20-IV, 113-құжат):

14-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) сот үлескерлер ақшасын тартуға рұқсаттан айырғаннан кейін тұрғын үйлерді (тұрғын ғимараттарды) жарнамалауға тыйым салынады.».

9. «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 21, 124-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 92-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат):

24-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарының талаптары Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыруға және өткізуге арналған, сондай-ақ республикалық индустрияландыру картасына енгізілген объектілерді жобалау, салу, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтандыруды, кеңейтуді жүргізу кезінде қолданылатын тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қатысты халықаралық, өңірлік стандарттарға, шет мемлекеттердің

стандарттарына және шет мемлекеттер ұйымдарының стандарттарына қолданылмайды.
»

10. «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 4-5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-III, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат):

1) 1-баптың 32) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«32) үлестес тұлғалар – шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) оңалту немесе банкроттық рәсіміне қатысушы қабылдайтын шешімдерге әсер ету, оның ішінде жасалған шартқа орай әсер ету мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлға (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды, ұлттық басқарушы холдингті, Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорын қоспағанда). Оңалту немесе банкроттық рәсіміндегі үлестес тұлғалардың тізбесі осы Заңның 9-бабында белгіленеді.»;

2) 48-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын борышкерді оңалту және оның банкроттығы туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғаған кезде сот «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда, Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры ұсынған кандидатураны уақытша басқарушы етіп тағайындайды.»;

3) 59-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

««Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда, тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын борышкерді оңалту рәсімін қолдану туралы шешім шығарғаннан кейін сот Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры ұсынған кандидатураны уақытша әкімші етіп тағайындайды.»;

4) 96-баптың 4-тармағының 8) тармақшасындағы «қаржы құралдары енгізілмейді.» деген сөздер «қаржы құралдары;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы

9) тармақша мен толықтырылсын:

«9) тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) үлестік құрылысын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның дауыс беретін акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) енгізілмейді.».

11. Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 7, 36-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-II, 103, 104-құжаттар; № 20-I, 111-құжат; № 20-IV, 113

- құжат; 23 - I, 169 - құжат):

69-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, міндетті болып табылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын белгілеу ж ә н е о р ы н д а у ; » .

12. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 2, 4-құжаттар):

1) 36-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

2) 1-қосымшаның 7-жолы алып тасталсын;

3) 2-қосымшаның «1-сынып – «қызметке берілетін рұқсаттар» деген бөлімі мынадай мазмұндағы 87-10-жолмен толықтырылсын:

87-10.	Үлескерлер ақшасын тартуға рұқсат беру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының рұқсаты	
--------	--	---	--

13. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 23-I, 169-құжат):

«3-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. 1-баптың 38-тармағы 21) тармақшасының елу бесінші, елу алтыншы, елу жетінші, елу сегізінші және елу тоғызыншы абзацтары 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«1. Мемлекеттік монополияға:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекетаралық (халықаралық) маңызы бар объектілерге жатқызылған жаңа объектілерді;

2) жаңа бірегей құрылыс объектілерін;

3) бюджет қаражаты есебінен немесе мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандарының қатысуымен қаржыландырылатын техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салуға арналған жобалардың (техникалық-экономикалық негіздемелердің және жобалау-сметалық құжаттаманың) ведомстводан тыс кешенді сараптамасы жатады.».

1. Осы Заңға қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 3-тармағының 1)-5) және 7)-17) тармақшаларын, 7-тармағының 2)-12) тармақшаларын, 9, 11 және 13-тармақтарын қоспағанда, осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 3-тармағының 8) тармақшасы 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК